

А. Құрманбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., e-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ журналистикасының өрісі кеңейіп, тақырып жағынан түрленіп бара жатқанына ешкімнің де таласы жоқ. Ең бастысы – кез келген автор өз көкейіндегі ой-пікірін қаймықпай, ашық айтуға құқылы. Егемендігімізді алмай тұрып Қазақстанның экологиясы туралы жеке мақала жаза алмаған күндер де болған. Ал тәуелсіздігіміз қолымызға тигеннен кейін де бұл тақырыпты күн тәртібіне қоя алмадық. Өйткені еліміз жаңа экономикалық және саяси мәселелерді шешуі кезек күттірмес жұмыс болатын. Солардың бірі нағыз мәселе тудырып отырған – экология тақырыбы болатын. «Қазақстан» – «Экология» – «Мерзімді баспасөз». Осы үш ұғым бүгінгі таңда ең маңызды мәселелермен ұштасып жатқаны ақиқат.

Түйін сөздер: экологиялық журналистика, экология, мәселелер, үкімет.

А. Курманбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы, e-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

Особенности экологической журналистики Казахстана

Современная казахстанская журналистика развивается в разных направлениях. Журналисты имеют право выражать и отстаивать свое мнение в публикациях СМИ. При этом любой автор выдвигает свои идеи, свое видение в решении вопросов, касающихся экологических проблем не только в конкретных регионах, но и в республике в целом. До обретения страной независимости решение вопросов, касающихся проблем экологии, которые ставила казахстанская журналистика, отодвигались на второй план, так как в приоритете были экономические, политические и другие отрасли.

В данное время экологические проблемы решаются на правительственном уровне. Журналисты постоянно освещают экологическую тематику в СМИ.

Ключевые слова: экологическая журналистика, экология, проблемы, правительство.

A. Kurmambayeva

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

Features of environmental journalism in Kazakhstan

There is no doubt that modern Kazakhstani journalism is developing in different directions. Journalists have the right to express and defend their opinions in media publications. At the same time, any author puts forward his ideas, his vision about issues related to environmental problems not only in specific regions, but also in the republic. Prior to the country's independence, the solution of environmental issues posed by Kazakhstan's journalism was pushed to the background; because the priorities were economic, political and other spheres.

Nowadays, environmental problems are solved at the governmental level. Journalists constantly cover environmental subjects in the media.

Key words: environmental journalism, environment, problems, government.

Кіріспе

Заман талабына сәйкес, Қазақстанда да айналадағы қоршаған ортаны таза ұстау, табиғатты қорғау мәселесіне қатысты мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар көптеп пайда болып, олар негізінен, өз қолымыздан жасап отырған қатерге қарсы күрес шараларын белгілеумен, қауіптің алдын алу жолдарын қарастырумен шұғылданып келе жатқанын байқаймыз.

Бұл проблема – біздің баспасөзіміздің де өзекті тақырыбы. Оны баспасөз беттеріндегі экология тақырыбына жазылған көптеген материалдардан көріп жүрміз.

ҚР Президенті Н. Назарбаев «Қазақстан-2030». Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Жолдауында осы мәселенің мән-мағынасын айқындап берген. Онда: «2030 жылғы Қазақстан ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті елге айналуға тиіс. Өндіріс қалдықтары мен радиация бұдан былай біздің үйлеріміз бен бақтарымызға енбейтін болады», деп атап көрсетілген [1].

Негізгі бөлім

Қазақ ұғымында «табиғат» деген ұғым «туған жер» деген сөзбен мағыналас, мазмұндас айтылады. Мысалы: «Туған жерге туынды тік», «Туған жердің топырағы да киелі», «Жері байдың – елі бай», «Қара жер қарыз арқаламайды», «Жер – ана, ел – бала», «Тозған жерде тоқшылық болмайды» осылай кете береді.

Қазақ халқының туған жерге деген ыстық ықыласы мен аялы алақанын, жүрек жылуын сөз еткенде, даламыздың данышпан абызы әрі ақылгөйі Асан қайғы бабамыз асқар таудай алыстан көрінеді. Асан қайғы бабамызды қазақтан шыққан тұңғыш эколог деп мақтан етуімізге болады. Оның Желмаяға мініп алып, Жерұйықты іздеуі, қазақ жерінің әрбір өзен-суына, кең-байтақ даласына берген бағасы осы күнге дейін өз құнын жойған жоқ.

Күллі түркі халқының данышпаны саналатын Қорқыт атаның қалдырған мұраларында да «асқар тауларың құламасын, саялы ағаш сынбасын, қанаттарың қырқылмасын» деген ұғымдар – туған жеріңнің табиғатын аялай білңдер деген аталы сөздер болса керек.

Шығыс халықтарында имандылықтан келетін үш сауап бар: шөлде құдық қазған, өзенге көпір салған, жолға ағаш еккен.

Демек, біздің қазіргі кезде аузымыздан таспатамай, күнделікті айтып жүрген экологиялық мәселелерімізге қазақ халқы ертеден-ақ ерекше мән беріп, тіршілік әрекетін соған сәйкес жүргізе білгенінің айқын бір дәлелі.

«Прогресс» атауының өзінен-ақ шаршап-шалдыққандық белгісі байқалады», – деген болатын кибернетик Норберт Викар. Ал енді осы сөздің ақиқат екендігі бүгінгі өмірдің барлық салаларында көрініс табуда. Әрине, өркениетті қоғамымыздың алуан түрлі ғылымы мен техникасы арқылы биік белесті алғанымызға көзіміз жетіп, бір серпіліп қалатынымызға дау жоқ. Оны мақтаныш тұту заңды құбылыс рухани тұрғыда керек те шығар. Алайда, сол ғылым мен техника әлеміндегі барлық жаңалықтарды тек қана шексіз игілік деп қабылдай бермеген абзал болар. Өйткені, әлгі «прогресс» ұғымын құрайтын қандай да қол жеткен жеңістің астарында төгілген тер, жұқарған жүйке жатқаны белгілі. Міне, соншалықты бейнетінің қайтарымы үнемі болады деп есептеу – аңғалдық деп ойлаймыз. Оны күнделікті өмірде әне жер, міне жерде жіті бой көрсетіп қалып жүрген күллі планеталық апаттар дәлелдеп отыр.

Нәтиже

Экология мәселесі – бүгінгі күннің алдыңғы орында тұрған басты мәселесі. Осы тұста таратып айтар болсақ екі алғашқы мәселені таратып жазу керек сияқты.

Ақын Қ. Мырза Әли айтқандай: «Біледі жердің парқын кім?!, Білмегендіктен тозды адам. Ақымақтығынан әркімнің, Аздың-ау біраз, Боз далам!» немесе: «Ақын әсте сияқты, Адвокаты талдың да, Жусан менен қияқтың, Жауап берем алдында, әлде: «Сіз болып не біз болып, Қойдық па дұрыс қарамай, Әмүсіз, Сырсыз Тұз болып, Төменге шөккен Арал-ай!.. Бара бермейтін парқына, Бассыз жандарға нәлет те! Немесе айырылып қалып, Артынан, Жылау біздерге әдет пе?!» – дегендей жағдайға жетіп, қазіргідей мүшкіл халге де душар болдық.

Бұлардың барлығы «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы» деп кезінде тек бас әріптермен жазылған жалмауыз мемлекеттің «Солқылдатып соғылсын бесжылдықтың балғасы!» деп шаруашылықты «өркендету» деген желеумен жүргізілген мақсатты зобалаң екенін кеш түсіндік. Рас, елдің игілігіне деп кең-байтақ даланың тұс-тұсынан зәулім қалалар салдық. Халықтың мүддесін қорғау жолында энергия қуатымен қамтамасыз ету үшін ғасырлар бойы арнасы бұзылмай келген өзендерімізді жырып-жырып, электр станциялар салдық. Олардың бәрі бүкіл Одақ көлемінде жүргізілгенін ешкім жоққа шығармаса керек. Бұл жерде империялық өркөкіректік саясат болғанын бүгін ғана мойындай бастаған жайымыз бар.

Барлық қолдағы құндылығымыз құрып-жойылып біткеннен кейін ғана, сан соғып қалатынымыз қалай? Мысалы: Семей ядролық полигоны, 18,5 мың шаршы километр аймақта 1949-1989 жылдар арасында ашық аспанда, жер бетінде, келе-келе жер қойнауында жарты мыңға жуық жарылыс жасаған. Сондай қорқынышты мәлімет жарты ғасырдан кейін тиіп-қашып қана жария болды.

Ал қазақтың жарым-жартылай маңдайына біткен Арал теңізі, оған Әмудария мен Сырдария бұрындары сарқырап жататын су доғарылып, оның есесіне теңізден кері дарияға құйыла бастаған сұмдықты да баяғы шалқар теңіздің о шеті мен бұ шетіне енді адам жаяу кешіп өтетін заманның келгенін де ел қазір ғана көріп отыр.

«Арзамас-16» арнайы экспедицияның 1966 жылы 300 бас жанұясы тіршілік ететін Азғыр ауылынан бір жарым-ақ, қол созым қашықтықта 165 метр шұңқырда тұңғыш жарылыс жасағанын біреу біліп, біреу біле қоймас. Содан бері Азғыр аймағының он нүктесінде 17 жарылыс жасалған. Солардың біреуінің орнында қазірде диаметрі 600 метр «көл» пайда болған. Әрине «радий активті» көл.

Жетпіс жыл бойы бірде – он жеті, бірде – он бес республиканың төбесінен төнген нәубет бұлты көбіне-көп Қазақстанның аспанына үйірілген көрінеді. Колхоздастыру науқаны кезінде мәңгілік тарихта қолындағы малымен ғана аты әйгіленген қазақтың алдындағысын сыпырып алғасын, ашаршылықтың бар нәубетін біздің ұлт көрді. Жаппай қазақ жеріне басқа ұлт өкілдерін қоныс аударту мен түрмеден шыққандарды Сарыарқа жеріне қоныстандыру. Тұмса жерге, «миллиардтаған астық өсіреміз» деп түрен салып, бас-аяғы оншақты жылда қазақтың қайран шұрайлы өрісін іске алғысыз етіп – **табиғат экологиясына** тіреді. Қаруар уақыттар бойы тек өздеріне ғана тән өркениет, мәдениет, тұрмыс-тіршілік қалпын, мыңдаған жылдық мол тәжірибе арқасында жеткен елдің қолайлы дәстүрін, әдет-ғұрпын аяқасты етіп, **адам экологиясына** әкеліп соқтықтырды.

Ойтолқы

Осы жерде біз **табиғат экологиясына** тоқталайық. Сол 15 одақтық республикалар ішінде ең сормандай болған Қазақстан территориясы десем артық болмайтын шығар. Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Солтүстік аумақтарының барлығында техникалық прогрестің аяғы жетпеген жер қалмапты. Оңтүстікті алатын болсақ, Қызылорда облысының аумағында Уран өндірісі, Байқоңыр

ғарыш айлағы, Арал өңірі, Аралдың ішіндегі «Қайта өрлеу» аралы. Ақтөбеде Ембі полигоны, Атырау «Капустин Яр», Семей «Қаражал», «Қайнар» полигондары, Өскеменде соңғы уақытта ураннан қалған қалдықтарды сақтайтын **ядролық отын банкі**, Торғай облысының аумағы Ресей әскерилерінің сынақ аумағына айналмақшы.

Үлбі металлургиялық зауыты аумағында орналасқан ядролық отын банкі бар-жоғы бір жыл ішінде Ел Үкіметі мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (АЭХА) арасындағы келісім аясында салынып шыққан. Мамандардың айтуынша, бұл ғимарат 8 балдық зілзалаға төтеп бере алады. Ол температуралық және радиологиялық датчиктермен жабдықталған. Уранның гексафториді қалыңдығы 12 сантиметрлік өте төзімді болат цилиндрларда сақталатын болады. Сақталатын отынның жалпы мөлшері 90 тоннаны құрамақ [2]. Бүгінгі табиғи экологиямыздың түр сипаты осындай, көңіл көншітпейтінін біліп отырмыз.

Осыны 1918 жылдың өзінде Мұхтар Әуезов «Қазақ қашан жетіледі» деген проблемалық мақаласының бір тұсында «Адамға қорек беретін табиғат, адамның тұрмысын, кәсібін, жан сипаттарын һәр түрге салатын табиғаттың шарттары һәр халықтың мінезі, қылығы, салты, ғайлы (пейілі), талабы, жігері өз маңайындағы табиғат әсерінен пайда болады; бірақ адамды ілгері басқызып, өнер тапқызатын жалғыз табиғат емес, табиғат берген қазынамен адамның қалай пайдалана білуінен. Сондықтан ауқат арттыру, тұрмыс түзеу адамның өз hareket, сүйегіне біткен зеректігі, қайратының арқасында табылады», – деп атап өткен болатын [3]. Енді бүгінгі тірлігімізде осыған дейін М. Әуезов айтқан ойды жаңаша тұрғыдан шолуды заманның өзі талап етіп отырғаны даусыз.

Байқап отырсық, айналып-үйіріліп келгенде, елге де, жерге де жасалатын қиянаттың басым көпшілік үлесін Қазақстанның пешенесіне жазған секілді.

Адам экологиясына. Ертеректе бір философ: «Адам дегеніміз – әрқашан да қателік жасамай жүрмейтін хайуан», – деген екен. Айт-айтпаса да – солай. Бір нәрсені асты-үстіне шығарып үнемі бүлдіреміз де қарап отырамыз... Оның басты мысалы өзімізді жаратқан Ұлы Мәртебелі Табиғатқа бүгінге дейін жасалып келе жатқан зорлық-қиянаттан табылады. Кім көрінген байқай бермейтін «әлімжеттік» тап сол Табиғатқа әр кезде әртүрлі формаларда үздіксіз жүзеге асырылыпты. Бүгінгі күні аты әлемге

белгілі классик ақын ағамыз Олжас Сүлейменов: «Қара Жер, Қария Жер, Табын маған! Тәңірің, Құдайың да – мына менмін!» – деген болатын [4]. Бұл жерде ойға грек мифологиясындағы енесінен жартылай тумай жатып, сол арада-ақ енесін өзі жей бастайтын құбыжықты еске салатын жағдай. Әйтпесе, біз білетін Күн жүйесіндегі жалғыз саналы тіршілік иесі планета – Жерге: «Құдайың да – мына менмін!» деп айтуға қалай ғана дәті барды екен?! Кезінде ғалым Мичурин де: «Біз табиғаттан мейірім күтіп отыра алмаймыз. Оның бермесін тартып алу – біздің міндетіміз», деген болатын.

Осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Содан шығатын ой «Жаратылыс өз сору үшін» бізді жаратты ма екен? Әйтпесе адам қандай да бір керемет жаңалық ашса да, солардың барлығының астарында түптің-түбінде Жаратылысқа міндетті түрде залалы тиіп жатады.

Міне, адамның саналы жыртқыштығы мен аңның инстинкті жыртқыштығының арақатынасындағы айырмашылықтың қайда жатқандығы!

Демек, жан-жануарларға қарағанда, адамның сана-сезімі, ойлау қабілеті артық болғандықтан, бұдан былай қарай іс-әрекеті, қимылы биологиялық шеңберден асып шығып, табиғи байлыққа деген құштарлығы қауіпті сипатқа ие бола бастауы – адам экологиясының бастауы.

Қорытынды

Мәселе – ТАБИҒАТТА!!! Бүлдірсек қалпына келмейтін ең үлкен мәселе – тап осының өзі. Адамзатты осы Табиғатпен тәрбиелеу керек! «Керек!» дейміз... Тиістіміз! Әйтпесе, «... біз табиғатпен тартысымыздағы жеңісімізге мақтанбайық. Табиғат әрбір жеңісіміздің өшін алады. Бұл жеңістің әрқайсысы, шынында, әдепкіде біз есептегендей жемісін берер, бірақ екінші, үшінші ретте көбіне-көп алғашқы табысты мүлде жойып кететіндей күтпеген нәтижеге әкеліп тірейді»[5].

Ағылшынның қиялгер-жазушысы Артур Кларк: «Біздің ұрпағымыз Жер бетіндегі тіршілік атаулыны қалай жоюға болатын тәсілін біліп те алды...», –деп кекеткен еді. Солайы – солай шығар. Әйтпесе, «Қоғам азған, // ел азған, // Заман

азған...// Бірақ Жер дәл бұлай азбаған-ды!» – деп Қадыр Мырза Әлі жырламаған болар еді.

Экология мәселесін көтеруде бәрінен бұрын қазақ газеттерінің сіңірген еңбектерін ерекше атап өткен абзал. «Мерзімді баспасөздің ішінде қандай бір дәрежеде, қандай көлемде, нендей жанрда болғанмен, табиғатты қорғауда жіберіп отырған, айналып-үйіріліп өзімізге таяқ боп тиетін қатерлі астамшылығымызды, яғни экологиялық дағдарыс тудыратын жағымсыз қылықтарымызды жария етпеген үнқағаз жоқ» деп батыл айтар едік.

Жазушы Сергей Залыгин «Тарихта қазір адамзат тіршілігінде жаңа ғылым, жаңа сала – экология – туып келеді, – деген ол. – Ол басқа ғылымдар тәріздес, лабораторияларда, оқымыстылар кабинеттерінде пайда болған жоқ. Ол – адамзаттың бас сауғалап тірі қалу проблемасын шешуі тиіс жауапкершілік талап ететін адамдардың қоғамдық сана-сезімінің нәтижесі. Міне, осының салдарынан экология көптеген жағдайда академиялық институттар және Ғылым академиясымен пышақтасып қалуды» [6].

Осы үзінділерден қарап отырсақ, қазақ баспасөзінде күні кеше ғана белсенді түрде көтеріп жатқан мәселеміз – қоршаған ортаға алаңдаушылық білдіру, экологияның алапат қиғылығына жұртшылықтың көзін ашудағы талпыныстарымыз – бұрынғы КСРО кезінде-ақ, Одақ публицистері, ақын, жазушыларының аузында болған екен. Сол кездердің өзінде, біз әлі де Одақтың «рухани темір құрсауында» болып, сол табиғаттан жиған-тергенімізді Ресейдің апандай аузына мәңгі тосуымызға шек келтірмегендіктен бе, біздегі күннен-күнге басымдық білдіріп келе жатқан экологиялық зауалға әлі қаламгерлердің үн қосқанын байқаймыз. Ал сонда адамзат тіршілігіне күнбе-күн және үнемі керек қажеттілігін кімнің немесе ненің есебінен толықтырған жөн. Әрине, Жер планетасының есейіп келе жатқан Саналы Тіршілік Иесі өзінің «имиджіне» деңгейлес тұратын биіктікті жанұшыра қарастыра анық. Қазіргі ұғымымыздағы материалдық құндылықтарды жасайтын көздерді іздестіреді. Оны айналып-үйіріліп келгенде, сол баяғы өзін жарық дүниеге әкелген Жаратылыс Табиғаттан талап етеді.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997. 16-17 б.
2. <https://kaz.altaynews.kz/archives/18982>

3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1 т. – Алматы: Ғылым, 1997. 113-бет
4. Сүлейменов О. Әр күн – арайлы таң: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1986. 321 б.
5. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. – 2-ое издание. – Т. 20. – М.: Политиздат. – С. 495-496.
6. Залыгин С. Поворот. В судьбе природы – наша судьба // Писатели об экологических проблемах. – М.: Художественная литература, 1990. – С. 193.

References

1. Nazarbayev N. Qazaqstan-2030. Barlik qazaqstanlsqtardin usip-urkendeui, qauipsizdigi zhane al-auqatinin artui. El Prezidentin Qazaqstn halqina Zholdaui. – Almati: Bilim, 1997. 16-17 b.
2. <https://kaz.altaynews.kz/archives/18982>
3. M.Auezov. Shigarmalarinin 50 tomdik zhinagi.1t. – Almati: Gilim, 1997.113-b.
4. Suleimenov O. Ar kun – araili tan. Olender men poemalar – Almati: Zhazushi, 1986. 321-b.
5. Marks K., Engels F. sozn.2 izdanie. T.20. – M.: Politizdat. – 495-495 s.
6. Zaligin S. Povорот. V sudbe prirodi – nazha sudba.// Pisateli ob ekologisheskih problemah. – M.: Hudozhestbennaya literature. 1990. – 193 s.